Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті

# Маяк

Районная еженедельная общественно-политическая газета

2024 жыл / год
5 сәуір / апрель
№13 (64526)
Издается со 2 августа 1939 года

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз / www.astrahan.gov.kz

## СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСУДА

***Астрахан ауданының әкімі Талғат Ерсейітов Ақмола облысы бойынша төтенше жағдайлар департаменті бастығының уақытша міндетін атқарушы Қанат Доспаевты ауданның су тасқыны жағдайымен таныстырды.***

Аудан әкімі Талғат Ерсейітовтың айтуы бойынша қазіргі уақытта аудан бойынша адамдар, еріктілер, техникалар және мотопомпалар жұмылдырылған. Астрахан ауданында су тасқынына белсенді дайындық жалғасуда. Осы орайда аудан







тұрғындарының әрқайсысына хабарлама таратылып, ақпараттық жұмыстар өткізілді. Эвакуация пунктері мен малдарға арналған орындар белгіленген. Аудандық бюджеттен қосымша резервтен қаражат бөлініп, инертті материалмен қаптарды дайындау және төсеу жалғасуда.

Су тасқыны кезінде төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында Астрахан ауданында іс-шаралар жоспары бекітіліп, арнайы жедел штаб құрылды. Азаматтық қорғау қызметінің мамандары «жоғары дабыл» режиміне көшіріліп, жауапты тұлғалардан кезекшілік кестесі әзірленді.

Су тасқынына қарсы профилактикалық іс-шаралар жүргізілуде. Бөгеттерді, қорғаныс оқпандарын салу және нығайту, су өткізгіш құбырларды орнату, суару арық жүйесін тазалау, қарды тазалау, саңылауларды бұрғылау және жарылыс жұмыстарын жүргізу су тасқыны қаупін барынша азайтуға әкелді. Су тасқынына қарсы шаралар жалғасады.

**Арман ЖАПАРОВ.**

---

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

***Өткен аптада Астрахан ауданының қоғамдық кеңесінің отырысы өткізіліп, оған аудан әкімі Талғат Ерсейітов қатысты.***



Күн тәртібінде ветеринариялық станция басшысының өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы, Астрахан СЭББ басшысының су тасқыны кезіндегі Астрахан ауданы бойынша санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың жай-күйі және аудандағы қоқыс үйіндісінің жай-күйі туралы, білім бөлімі басшысының білім беру саласындағы кадрлардың тапшылығы туралы, жас мұғалімдерді тарту, оқушылардың білім сапасын талдау, тестілеуге дайындық және әскери-патриоттық тәрбие бойынша жұмыс және Ақбейіт ауылын тарату туралы мәселелер талқыланды.

Кеңес отырысы барысында мүшелер қаралатын барлық мәселелер бойынша ұсыныстар берді. Кеңес жұмысы қорытындыланып, айтылған ұсыныс-пікірлерлер бойынша тиісті басшылық орындарға ұсынылатынын және орындалуы бақылауда болатыны жеткізілді.

**Өз ақпаратымыз.**

## О ЧЕМ ГОВОРИЛОСЬ В ЗАСЕДАНИИ КУРУЛТАЯ

**15 марта 2024 года Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев выступил с речью на третьей встрече Национального курултая.**

Касым-Жомарт Токаев напомнил, что ежегодные собрания Национального курултая стали хорошей традицией. Если первое собрание прошло в Улытау – колыбели нации, а предыдущий год собрались в священном Туркестане, то последнее заседание провели в Атырауской области, у берегов Жайыка. Это место выбрано не случайно, поскольку неподалеку находится исторически важный для Улуса Джучи и Казахского ханства город Сарайшык, который был важнейшим административным и торговым центром.

Глава государства отметил значимость Сарайшыка, города, через который проходил Великий шелковый путь. Этот город в прошлом играл важную геостратегическую роль, способствуя усилению экономических, политических и культурных связей между Востоком и Западом.

Отмечается, что именно из Сарайшыка знаменитые ханы управляли Великой степью, и некоторые из них нашли здесь последний приют, включая Касым хана, который сыграл важную роль в превращении Казахского ханства в мощное государство.

По словам главы государства, Сарайшык занимает особенное место в длительной истории нации. Воздавая должное уважение предкам и их наследию, подчеркивается невозможность строить цивилизованное общество, опираясь исключительно на прошлое. Необходимость формирования новой системы ценностей для расширения горизонтов нации обозначена как одна из основных задач.

Также указывается на роль Курултая, как на площадки не для пустых собраний и разговоров, а как место запуска инициатив, способствующих развитию страны, многие из которых уже воплощены в жизнь. В заключении глава государства подтверждает, что позитивные изменения затрагивают различные сферы и направления развития страны.

Основное внимание уделяется необходимости укрепления единства нации. Президент часто высказывается на эту тему, подчеркивая, что нация, объединенная общими целями, всегда будет обладать преимуществом и двигаться вперед. Особая роль в этом процессе отводится интеллигенции, в частности, представителям старшего поколения, которые пользуются большим уважением в обществе. Эти люди являются культурным достоянием и гордостью национального наследия.

Президент также подчеркивает, что основой единства нации является единство ее интеллигенции. В этом контексте крайне важна солидарность и гармония между уважаемыми и известными членами общества. Именно они должны служить примером для окружающих, обсуждая большие и созидательные идеи, которые способствуют укреплению национального единства и верному воспитанию молодежи.

**Г.КАРАСАЕВА,**
**руководитель отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта.**

## АСТРАХАН АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ӨКІМІ

№9 2024 жылғы 20 наурыздағы

**Астрахан ауданы әкімінің, ауылдық округтер және Каменка ауылы әкімдерінің 2024 жылдың бірінші жартыжылдағында халықпен кездесулерінде айтылған проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 Жарлығына сәйкес:

1. Астрахан ауданы әкімінің, ауылдық округтер және Каменка ауылы әкімдерінің 2024 жылдың бірінші жартыжылдағында халықпен кездесулерінде айтылған проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Аудан әкімінің орынбасарлары, ауылдық округтер және Каменка ауылының әкімдері, дербес бөлімдер мен ұйымдардың басшылары 2024 жылдың бірінші жартыжылдағында халықпен кездесулерде айтылған проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған іс-шаралардың іске асырылу барысын бақылауға алсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Астрахан ауданы әкімінің орынбасарларына, аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы өкім оның қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Т. Ерсейітов.**

*Астрахан ауданы әкімінің 2024 жылғы 20 наурыздағы №9 өкімімен «Бекітілді»*

**2024 жылдың бірінші жартыжылдығында аудан әкімінің Астрахан ауданының тұрғындарымен есеп беру кездесулері барысында халықпен айтылған проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі**

### ІС - ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

| № | Іс-шаралардың мазмұны | Орындалу мерзімі | Іс-шаралардың орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | Старый Колутон ауылында көше жарығын орнату жұмыстарын жүргізу | қазан | Старый Колутон ауыл-дық округінің әкімі |
| 2. | Жалтыр ауылының аумағында орталық кәрізді жөндеу бойынша техникалық құжаттама әзірлеу | желтоқсан | «Астрахан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысы |
| 3. | Жалтыр ауылы балалар бақшасының жылыту жүйесіне техникалық тексеру жүргізу | маусым | «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ басшысы |
| 4. | Акимовка ауылында көше жарығын орнату бойынша жұмыс жүргізу | қазан | Қызылжар ауылдық округінің әкімі |
| 5. | Оксановка ауылында көше жарығын орнату жұмыстарын жүргізу | қазан | Қызылжар ауылдық округінің әкімі |

## РАСПОРЯЖЕНИЕ АКИМА АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА

№9 от 20 марта 2024 года

**Об утверждении плана мероприятии по решению проблемных вопросов высказанных на отчетных встречах акима Астраханского района, акимов сельских округов и села Каменка с населением в первом полугодии 2024 года**

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Указом Президента Республики Казахстан от 3 марта 2022 года №826 «О проведении встреч акимов с населением»:

1. Утвердить план мероприятии по решению проблемных вопросов высказанных на встречах акима Астраханского района, акимов сельских округов и села Каменка с населением в первом полугодии 2024 года.

2. Заместителям акима района, акимам сельских округов и села Каменка, руководителям самостоятельных отделов и организации взять на контроль ход реализации мероприятий, направленных на решение проблемных вопросов высказанных на встречах с населением в первом полугодии 2024 года.

3. Контроль за исполнением настоящего распоряжения возложить на заместителей акима Астраханского района, руководителя аппарата акима района.

4. Настоящее распоряжение вводится в действие со дня его подписания.

**Т. Ерсеитов**

*«Утверждено» распоряжением акима Астраханского района от 20 марта 2024 года №9*

### ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ

**по решению проблемных вопросов озвученных населением в ходе отчетных встреч акима района с населением Астраханского района в первом полугодии 2024 года**

| № | Содержание мероприятий | Срок исполнения | Ответственные, за исполнение мероприятий |
|---|---|---|---|
| 1. | Провести работу по установке уличного освещения в с. Старый Колутон | октябрь | Аким Староколутонского сельского округа |
| 2. | Разработать техническую документацию по ремонту центральной канализации на территории с. Жалтыр | декабрь | Руководитель ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Астраханского района» |
| 3. | Провести техническое обследование системы отопления детского сада с. Жалтыр | июнь | Руководитель ГУ «Отдел образования по Астраханскому району управления образования Акмолинской области» |
| 4. | Провести работу по установке уличного освещения в с. Акимовка | октябрь | Аким Кызылжарского сельского округа |
| 5. | Провести работу по установке уличного освещения в с. Оксановка | октябрь | Аким Кызылжарского сельского округа |

## «ЖҰМЫС ІЗДЕП ЖҮРГЕН АДАМДАРДЫ ТІРКЕУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Қызметті берушінің атауы Мансап орталығы.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері көрсетілетін қызметті беруші, www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы, enbek.kz порталы. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 1 (бір) жұмыс күні. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны электрондық және қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгені туралы хабарлама не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі; 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) egov.kz порталында - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 3) enbek.kz порталы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.

Мемлекеттікқызметтікөрсетуүшінкөрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі: 1. Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға: 1) тізбенің 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);

3) еңбек қызметін растайтын құжат (бар болса); 4) білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат (бар болса). Жеке куәліктен және "Еңбек нарығы" ААЖ-ға деректерді енгізгеннен кейін құжаттар көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. 2. "Электрондық еңбек биржасы" порталы немесе мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін мәліметтер нысанын толтырады. Порталда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алған күнін көрсете отырып, өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер: 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтердің осы Талаптар тізбесінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары интернет-ресурста Көрсетілген www.enbek.kz. Бірыңғай байланыс орталығы: "1414" .

"Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту, содан кейін "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада уәкілетті пайдаланушылар үшін қолжетімді".

## ГОСУДАРСТВЕННАЯ УСЛУГА «РЕГИСТРАЦИЯ ЛИЦ, ИЩУЩИХ РАБОТУ»




Наименование услугодателя Карьерный центр.

Способы предоставления государственной услуги: услугодатель; веб-портал "Электронного правительства": www.egov.kz портал enbek.kz

Срок оказания государственной услуги 1 (один) рабочий день.

Форма оказания государственной услуги электронная и бумажная.

Результат оказания государственной услуги - уведомление о регистрации в качестве лица, ищущего работу либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги по основаниям.

Государственная услуга оказывается бесплатно.

График работы услугодателя и объектов информации: у услугодателя – с понедельника по пятницу с 9.00 часов до 18.30 часов с перерывом на обед с 13.00 часов до 14.30 часов, кроме выходных и праздничных дней, согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан; через порталы egov.kz, enbek.kz – круглосуточно, за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ.

Перечень документов необходимых для оказания государственной услуги:

1. Для регистрации в качестве лица, ищущего работу, услугополучатель предъявляет услугодателю:

1) заявление по форме согласно приложению 1 к перечню;

2) документ, удостоверяющий личность услугополучателя, либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации личности);

3) документ, подтверждающий трудовую деятельность (при наличии);

4) документ об образовании, квалификации, наличии специальных знаний или профессиональной подготовки (при наличии).

После удостоверения личности и введения данных в АИС "Рынок труда" документы возвращаются услугополучателю.

Для регистрации в качестве лица, ищущего работу, через Портал или государственный информационный портал "Электронная биржа труда" услугополучатель заполняет форму сведений для регистрации в качестве лица, ищущего работу, согласно приложению 2 к настоящему перечню в форме электронного документа, удостоверенного электронной цифровой подписью услугополучателя.

На Портале уведомление о принятии заявки с указанием даты получения результата государственной услуги направляется в "личный кабинет" услугополучателя

Основанием для отказа в оказании государственной услуги, установленные законодательством Республики Казахстан является: 1)установление недостоверности документов, представленных услугополучателем для получения государственной услуги, и данных содержащихся в них; 2)несоответствие представленных сведений услугополучателем, необходимых для оказания государственной услуги, требованиям установленным настоящим Перечнем.

Адреса мест оказания государственной услуги размещены на: www.enbek.kz, www.egov.kz.

Единый контакт-центр: "1414".

Для использования цифрового документа необходимо пройти авторизацию в мобильном приложении с использованием электронно-цифровой подписи или одноразового пароля, далее перейти в раздел "цифровые документы" и выбрать нужный документ. Сервис цифровых документов доступен для авторизованных пользователей в мобильном приложении".

**У. БАЯХМЕТОВА, специалист карьерного центра.**

# ЖӨНДЕУ ҮШІН ШЫДАМДЫЛЫҚ КЕРЕК

ЕҢБЕК АДАМЫ

**Кәсібін сүйіп, ісіне адалдық таныту – еңбек адамының ең бірінші асыл қасиеті. Өмірінің 30 жылын сүйікті кәсібіне арнаған ауданымызға қарасты Новочеркасск ауылдық округінің орталығының тұрғыны - Қайрат Нұрғалиұлы Мадуахасов ортасына сыйлы жан.**



Осылайша, 1993 жылы ауданымыздың Новочеркасск ауылдық округінің орталығына көшіп келеді. Осы жерде өзінің өмірлік жары Ғалиямен танысып, отау құрады. Жары Ғалия қазіргі таңда жеке кәсіпкерлік «Қалқаман» есепшісі.

Жары Ғалиямен өмірге үш бала әкеледі. Тұң-ғыштары – Тамерлан елордамыз Астана қаласында қызметте. Арина есімді қыздары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде биолог мамандығы бойынша магистратурада оқып жүр. Оқумен қатар био-лабораторияда жұмыс істейді. Кенжелері Алихан Новочеркасск ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 4 сынып оқушысы.

Қайрат Нұрғалиұлы 1970 жылы 31 қазанда Торғай облысының (қазіргі Қостанай) Жаңадала ауданына қарасты Титов совхозында дүниеге келген. Бала шағында ауданымызға қоныс аударып, Жалтыр ауылының мектебінде оқыған.

Мамандық таңдау адамның болашағын айқындайтын өте күрделі мәселе. Сондықтан бұған ерекше жауапкершілікпен қарау керек. Қайрат Нұрғалиұлын электрмен байланысты мамандық жас кезінен бастап қызықтыра бастады.

Қайрат Нұрғалиұлы қазіргі елордамыз Астана қаласында СПТУ №12 байланыс училищесін байланысшы біліктілігі бойынша тәмамдаған. Оқуды аяқтаған соң екі жыл Латвияның астанасы Рига қаласында өзінің Отан алдындағы әскери борышын өтеп келеді.

Әскерден кейін ауданымызға қарасты Колутон элеваторында жұмыс істейді. Элеваторда жұмыс істеген кезеңінде өзін білікті маман ретінде көрсетті, ұжымда жастар арасында беделге және басшылық тарапынан құрметке ие болды.

Қайрат Нұрғалиұлы Новочеркасск ауылында 1995-1996 жылдардан бастап қазіргі таңға дейін электр-қозғалтқыштарды қайта өңдеумен (перемотка электро-двигателей) айналысып келеді. Бала кезден өз ісіне ұқыптылықпен қарап, қажыр-қайратын тәжірибемен ұштастыра білген азаматтың бұл іспен шұғылданып жүргеніне 30 жыл толып қалды.

«Бұл жұмыс өте мұқият және жауапкершілікті талап ететінін есте ұстаған жөн. Біздің мамандығымыздағы ең маңызды нәрсе-қауіпсіздік ережелерін сақтау және мұқият болу», - деп бөлісті Қайрат Нұрғалиұлы.

«Маңдайы терлемегеннің қазаны қайнамайды» деген даналық бар. Маңдайдан төгілген ащы тердің өтеуі табан аудармай атқарған ұзақ жылдық адал еңбекпен өлшенеді. Қызметтегі таза пейіл адамға зор жауапкершілік жүктеп, өзгеге өнеге етіп қояды.

**Арман ҚУАТҰЛЫ.**

# МҮЛКАМАН АУЫЛЫ АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ (ҚАЗІРГІ ПРИИШИМКА АУЫЛЫ)

**Қараүңгір өңірі мен қазіргі Приишимка ауылының аралығында орналасқан Жағалбайлы және Торыдан тарайтын аталардың қонысы болған. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, бір- біріне ғашық болған Мүлік есімді қызбен Аман деген жігіттің басынан өткен ғашықтық оқиғасына байланысты қойылса керек.**

Ертеректе бір атақты бай көшіп бара жатып, тыныстап ес жинауға ыңғайлы Есілдің жағасындағы бір төбенің тұсына тоқтап , біраз аялдайды.

Міне, осы байдың Мүлік есімді сұлу қызы болады. Көшіп келе жатқан көшке орта жолдан Аман деген жігіт келіп қосылады. Көш тыныстауға тоқтаған күні ауыл жастары өзен жағасындағы төбенің басына алтыбақан құрып, түні бойы сауық құрады. Қызық- думанға толы кештер бірер аптаға созылса керек. Көш барысында аяқ астынан кездескен Мүлік пен Аман бір- біріне бір көргеннен ғашық болып қалады.

Айлы кеште алтыбақан басында танысқан қос ғашық айырылысар соңғы күні Мұлкаманның дөңіне келіп , түнейді. Қос ғашық сол түні бір-біріне ішкі сырларын риясыз көңілмен ақтарып, махабаттың бал шырынын татып, от болып жаңғалы тұрған сезімдеріне ерік береді....

Қас қылғанда екеуінің төбе басындағы махаббат ойынына аспандағы ай ғана емес, түні бойы кірпік ілмей қалың жылқысын торауылдап жүрген байдың өзі куә болса керек.Үш жүзге аты мәлім өзіндей шынжырбалық шұбар төс байдың баласына бесікте – ақ атастырып қойған қызының әке сертін аяққа таптап, белбеуден аттап кеткенін көзімен көрген бай ашу- ызадан терісіне сыймай қаһарына мінеді.

Ертеңіне көшіп келе жатқан халықты жинап, қыл арқанмен қосақтала байланған қос ғашықты өлім жазасына кешеді. Екеуінің мойнына тұзақталған қыл арқанды түйенің екі жақ қапталына байлап, шөгіп жатқан жерінен тұрғызып жібереді. Фәни дүниеден бақилыққа көшкен екеуін бай өз бұйрығымен сол төбенің басына жерлеп, бөгелместен ары қарай аттанып кетеді.

Иманзада Иманжүсіповтың аузынан жазып алған. Амантай Есілбай, Аманат» кітабы, 2010 жыл.

**Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі.**

# ҚАЗАҚСТАН - ӘЛЕМНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ

**Өткен жылы елордамыз Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Съезі Хатшылығының XXI отырысы өткен болатын. Үш жылда бір рет өткізілетін осы ауқымды шара дінаралық, конфессияаралық және ұлтаралық диалог құрып орнатудың бірегей алаңына айналды.**



Онда әлемнің 23 елінен келген дін лидерлері мен өкілдері Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII Съезінде қабылданған Декларациядағы мақсат-міндеттердің іске асырылу барысын талқылады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген Съездің 2023-2033 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы бекітілді. Бейбітшілік және келісім сарайында өткен іс-шараға ислам, христиан, иудаизм, буддизм, индуизм, даосизм, синтоизм және тағы басқа діндер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері болды.

Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің басын бір емес, бірнеше мәрте қосты. Бүгінде дәстүрлі, тұрақты алаңға айналған съездер еліміздің даңқын әлемге паш етіп, асқақтата түсті. Еуразия құрлығында ұлтаралық татулық пен түсіністіктің, рухани келісім мен өзара үйлесімнің өзіндік ордасына айналып отырған Қазақстанның бастамасы бойынша ұйымдастырылған бұл басқосулардың мақсаты – дін өкілдерінің бүкіл әлемде болып жатқан қантөгістерге тоқтау айтып, жаһанда тұрақтылық пен тыныштық орнатуға, осылайша, адамзат баласының түсіністік пен бейбітшілік жағдайында өмір сүруіне ықпал жасау болатын.

Әлем жұртшылығына ғасырлар тоғысында өркениеттер арасында қақтығыс емес, керісінше, мәдениеттер арасында келісімнің, әлемдік ізгіліктің алтын кілтін ұсынылды. Осылайша, Қазақстан әлемде өркениеттер арасы қақтығыс пікіріне қарсы тұруды, мәдениеттер мен дін өкілдері арасындағы диалогты жан-жақты қолдауды мемлекеттік саясатқа айналдырған алғашқы мемлекет атанды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу арқылы Қазақстан бүкіл әлемдік қоғамдастыққа жалпыұлттық консенсус пен қоғамның топтасуының үлгісін көрсетіп келеді. Біздің еліміз этносаралық және конфессияаралық келісімді қолдау саласында бай тәжірибеге ие және осы тараптағы кең ауқымды әрі тиімді ынтымақтастыққа қашанда әзір.Тек күш біріктірудің арқасында ғана заманның сын-қатерлеріне төтеп беріп, діни жанжалдардың алдын алуға болады. Бұған әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының көзі жетіп отырғаны хақ. Соның айқын айғағы - осы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі.

**Арман ЖАПАРОВ.**

# НЕДЕЛЯ ДЕТСКОЙ И ЮНОШЕСКОЙ КНИГИ

*Пусть эта книжкина неделя*
*Продлится только до апреля,*
*Но вы, читающий народ,*
*Любите книгу круглый год!*

**Стало уже традицией ежегодно в дни весенних каникул проводить неделю детской и юношеской книги**.

Неделя детской и юношеской книги – ежегодное мероприятие, объединяющее как детей, так и взрослых — всех, кто любит читать. Это настоящий праздник для любознательных детей, работников библиотек, издателей, писателей. праздник новых литературных открытий и приключений. В Астраханской районной библиотеке в дни весенних каникул прошла неделя детской и юношеской книги. «Как прекрасен этот мир..». Ребята узнали историю возникновения праздника «Книжкины именины», которую придумал замечательный детский писатель Лев Кассиль.

Всю неделю проводились интересные, познавательные мероприятия для юных читателей. Дети приняли активное участие в различных конкурсах, играх, викторинах.

В завершении недели для детей центра психолого-педагогической коррекции представлены театрализованное представление известной сказки «Колобок» на новый лад и мультипликационная постановка сказки В.Г.Сутеева «Яблоко». В каждой сказке, даже в самой маленькой и очень простой, живет народная мудрость и человеческая мораль. Благодаря сказкам мы познаем мир не только умом, но и сердцем, учимся любить окружающий мир, быть добрей друг к другу, справедливыми. Невозможно переоценить роль детской книги в формировании личности. Книга — наш верный друг с детства, который всегда научит новому, окунёт в удивительный мир увлекательных путешествий и интересных открытий.



Детская книга не только воспитывает каждого малыша в отдельности, но участвует в создании нравственного и интеллектуального облика целых поколений.

К завершению недели детской и юношеской книги за активное участие дети были награждены грамотами и призами. Завершилась неделя дружным чаепитием.

Хочется пожелать юным читателям: «Любите книгу – это друг, который никому и никогда не изменял, но всегда укажет дорогу к справедливой и достойной жизни».

**Ж. КУЗГАНБАЕВА,**
**библиотекарь**
**обслуживания детей.**



## СПИСОК НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКОВ, ПОДЛЕЖАЩИХ ПРИНУДИТЕЛЬНОЙ ЛИКВИДАЦИИ СОГЛАСНО СТАТЬЕ 93 НАЛОГОВОГО КОДЕКСА РК

| № | РНН | ИИН/БИН | Наименование |
|---|---|---|---|
| 1 | 030310027652 | 590207300978 | КХ АМХАДОВ РУСЛАН ИСАЕВИЧ |
| 2 | 030310271993 | 760609350679 | ФЕДЕНКО ГЕННАДИЙ ПАВЛОВИЧ |
| 3 | 030300211973 | 110940013036 | ТОО «ЭксИмТрейд» |
| 4 | 030300003606 | 050840007064 | ТОО «Колутон-95» |

В связи с вышеизложенным управление государственных доходов по Астраханскому району оповещает о приеме заявлений (претензий) кредиторов и (или) иных лиц, чьи права и законные интересы затрагиваются в случае принудительной ликвидации по адресу: село Астраханка, ул. Байтурсынова, 20.

## МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ




**Құрметті Астрахан ауданының тұрғындары, 2024 жылға арналған жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға қайтарымсыз гранттық қаражат ұсынуға өтінімдерді қабылдау кестесін жариялаймыз.**

**ГРАНТТАР НЕ ҮШІН БЕРІЛЕДІ?**

Мемлекеттік грант - бұл жаңа бизнесті бастау және дамыту үшін қайтарымсыз негізде берілетін 400 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі бастапқы капитал.

Грант қаражаты ісін жаңа бастаған жекелеген әлеуметтік санаттарға жататын азаматтарға өз бизнес әлеуетін іске асыруға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Гранттар келесі бағыттарда қолдану үшін беріледі: қажетті мүкәммалды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықты, жануарларды, малдарды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды, көшеттерді сатып алу, үй-жайларды жалға алу ақысын төлеу.

**ГРАНТ АЛУШЫ:**

*1. Жұмыспен қамтудың келесі санаттарының біріне жатады:*

- Тіркелген жұмыссыздар
- 3 жасқа дейінгі жеке кәсіпкерлер.

*Келесі әлеуметтік санаттардың біріне жату:*

- Көп балалы тұлғалар-көп балалы жәрдемақы алушылар (жұбайы, зайыбы).
- Қоныс аударушылар және олардың еңбекке қабілетті отбасы мүшелері.
- Мүгедек баланы тәрбиелеуші жәрдемақы алатын адамдар (жұбайы, зайыбы).
- Атаулы әлеуметтік көмек алушы аз қамтылған адамдар және олардың отбасы мүшелері.
- Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік жәрдемақы алушылар.
- Кандас қолданыстағы мәртебесі бар адамдар.
- Мүгедек адамдар.

Гранттар тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді.

**Астрахан ауылы, Әл-Фараби көшесі, 50. Тел: 8(71641) 2-32-41 бойынша жүгінуге болады.**

## ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ГРАНТЫ




**Уважаемые жители Астраханского района, выставляем график приема заявок на предоставление безвозвратных грантовых средств на реализацию новых бизнес идеи на 2024 год.**

**ДЛЯ ЧЕГО ПРЕДОСТАВЛЯЮТСЯ ГРАНТЫ?**

Государственный грант в размере 400-кратного месячного расчетного показателя - это стартовый капитал, который предоставляется на безвозвратной основе для запуска и развития нового бизнеса.

Средства грантов дают возможность гражданам, относящимся к социально уязвимым группам населения реализовать свой бизнес потенциал, наладить и развивать производство, тем самым обеспечить себя постоянным доходом.

Гранты выдаются только на развитие следующих направлений: приобретение необходимого инвентаря, орудий труда, технологического оборудования, животных, скота, птицы, саженцев, кустарников, семян, рассады, оплаты аренды помещений.

**ПОЛУЧАТЕЛЬ ГРАНТА ДОЛЖЕН:**

*1. Относиться к одной из следующих категорий занятости:*

- Зарегистрированные безработные
- Индивидуальные предприниматели до 3 лет.

*2. Относиться к одной из следующих социальных категорий:*

- Многодетные лица – получатели пособия по многодетности (супруг, супруга).
- Переселенцы и их трудоспособные члены семьи.
- Лица, получающие пособие воспитывающих ребенка-инвалида (супруг, супруга).
- Малообеспеченные лица – получатели адресной социальной помощи и их члены семьи.
- Получатели социального пособия по случаю потери кормильца.
- Лица с действующим статусом кандас.
- Лица с инвалидностью.

Гранты не предоставляются на потребительские цели, погашение кредитных займов, приобретение и строительство жилой недвижимости, приобретение земельных участков, производство подакцизной продукции.

**Обращаться по адресу: село Астраханка, ул.Аль-Фараби, 50. Тел: 8(71641) 2-32-41.**

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ЕЛ БІРЛІГІНІҢ КЕПІЛІ




Мемлекеттік тіл – ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан қазақтың бой тұмарына айналған ғажайып дүние. Әр халықтың тілі арқылы татулық пен тереңдікке, елдік пен егемендікке бастайтын алтын көпірі салынған. Сол көпірдің беріктігі, өміршеңдігі – байыпты болашақтың кепілі.

Дүние жүзіндегі халықтардың басты айырмашылығы да сөйлейтін тілдерінде емес пе? «Тіл туралы» заңда «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір адамзатының парызы» – деп анық жазылған. Соған қарамастан, қазақ бола тұра, ұлт анасы саналатын қазақ тілін меңгере алмай жүрген ұлт азаматтарын көргенде қынжылатынымыз рас. Ата Заңымыздың жетінші бабының бірінші тармағында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп көрсетілген. Біздің азаматтық парызымыз – тіл заңындағы талаптарды жүйелі түрде жүзеге асырып, қазақ тілінде сөйлеу.

Қазақтың ұлы перзентін бала Абайдан дана Абайға көтерген де – осы қасиетті тіл екені айқын. Көңілінде қазақы күй ойнаған, жүрегінде жауһардай жыр орнаған қалаулыларымыз тіл құдіретін мойындап, келте құбылыстарға кесек ойларын айта білді.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттік басқару, заңнама, сот ісін жүргізу мен іс қағаздарын жүргізу тілі, ол мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылады.

Өткен тарих пен дереккөздерге көз жүгіртсек, сотта орыс тілі кеңінен қолданыста болғандығын анық көреміз. Тәуелсіздік алып, егеменді ел болып, етек-жеңімізді жинағалы бері соттарда қазақ тілінің қолданылу аясы бірқалыпты жолға қойылды деуге негіз бар. Бүгінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2009 жылғы 27 ақпандағы №36 өкіміне сәйкес, республика соттарындағы іс-қағаздарды мемлекеттік тілге көшіру барысы тұрақты қадағаланып келеді. Сондықтан, әрбір соттардағы кіріс-шығыс, құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің, қазақ тілінде қаралып жатқан істердің үлес салмағы, судьялар мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлері арнайы бағамдар бойынша сараланып отыр.

Сотқа түскен істерді қараған кезде Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік Кодексінің 30-бабы мен Азаматтық процестік Кодексінің 14-бабына сәйкес, сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады делінген. Яғни, заң бойынша мемлекетімізде сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Қажет болған жағдайларда ғана, қазақ тілімен қатар өзге тілдер қолданылуы мүмкін. Қазіргі таңда соттарда ішкі құжат айналымын мемлекеттік тілге көшіру жолға қойылып, әрбір істі қазақ тілінде қарап, мемлекеттік тілде шешім шығаруға мүмкіндік мол. Сондықтан, еліміздегі әрбір сотта мемлекеттік тіліміздің мерейі үстем.

Тіліміздің бүтін бір мәселеге айналып отырғаны, еркін қолданысқа ене алмай жүргенінің бір ұшы адам баласының өзіне тіреліп отырғаны жасырын емес. Туған тілімізді ардақтап, абыройын асқақтату өз қолымызда. Сондықтан, өз елімізде өз тілімізді өгейсітпейік.

**Нұржан МЕЛДЕБАЕВ,
Астрахан аудандық сотының төрағасы.**

## ХОТИТЕ ВЫЕХАТЬ – ПРОВЕРЬТЕ, НЕТ ЛИ ДОЛГОВ

**ЧЕЛОВЕК И ЗАКОН**

**Во избежание неприятных инцидентов, которые могут возникнуть при запрете на выезд из страны, необходимо заранее проверить свои налоговые обязательства.**

Главной причиной отказа в выезде являются задолженность, долг, невыполнение исполнительных документов. Таким образом, если у вас есть задолженность перед государством по налогам, штрафам или долг другим людям, которые уже обращались в суд, необходимо как минимум быть настороже.

На сегодняшний день 27 139 акмолинцев имеют задолженность по налогу на транспортные средства в сумме 389,6 млн тенге.

В случае неуплаты после 1 апреля за каждый день просрочки будет начисляться пеня. Программой в автоматическом режиме будет выставлено уведомление, при неисполнении которого в течение 30 дней выставляется налоговый приказ. Если и налоговый приказ не будет исполнен, то материалы в отношении физического лица передаются частным судебным исполнителям для взыскания задолженности.

Напоминаем, что списки должников с суммами задолженности свыше 1 МРП будут направлены для взыскания судебным исполнителям.

В соответствии с законодательством судебные исполнители имеют право на арест банковских счетов и имущества. Также при сумме задолженности от 40 МРП может быть наложен запрет на выезд из РК.

Кроме того, частными судебными исполнителями кроме суммы задолженности дополнительно взыскивается оплата в размере до 25% от суммы задолженности.

В связи с этим рекомендуем удостовериться в отсутствии задолженности. Проверить сведения о наличии/отсутствии задолженности по налогам можно с помощью мобильного приложения в e-Salyq Azamat / Электронные сервисы – Сервис задолженности по налоговым и социальным платежам – Ввести ИИН/, в Telegram чате «@SalyqBot», на сайте Комитета государственных доходов МФ РК.

**Пресс-служба областного департамента государственных доходов.**

## ОБ ФИТОСАНИТАРНЫХ ОТЧЕТАХ В СФЕРЕ ЗАЩИТЫ РАСТЕНИЙ



В целях исполнения норм Закона Республики Казахстан «О защите растений» (далее - Закон), Астраханская районная территориальная инспекция напоминает о сдаче фитосанитарных отчетов по формам, утвержденным приказом Министра сельского хозяйства от 29.06.2015 года №15-02/584 и внесенными в них изменениями (приказ Министра сельского хозяйства от 20 марта 2023 года №106).

Так, согласно п.п. 1, 2 ст. 13 Закона - Физические и юридические лица, деятельность которых связана с объектами государственного фитосанитарного контроля, ведут фитосанитарный учет и представляют уполномоченному органу фитосанитарную отчетность по форме и в указанные сроки, определенные Правилами представления форм фитосанитарного учета .

Ежемесячные отчеты о проведении химических обработок предоставляется с марта по сентябрь, до 10 числа каждого месяца, следующего за отчетным. По производству и реализации пестицидов, по движению пестицидов предоставляется полугодовая отчетность, за 1 полугодие до 10 июля, за 2 полугодие до 10 января. Отчеты о хранении пестицидов, по обезвреживанию запрещенных и непригодных пестицидов и тары из-под них предоставляются ежегодно до 10 января.

В случае непредставления фитосанитарной отчетности в области защиты растений сельхозтоваропроизводителями района, районным инспектором по защите растений проводится фитосанитарный контроль согласно статьи 15-1 Закона:

1. Государственный контроль в области защиты растений (государственный фитосанитарный контроль) осуществляется в форме проверки и профилактического контроля с посещением субъекта (объекта) контроля в соответствии с Предпринимательским Кодексом Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 375-V ЗРК;

2. Профилактический контроль без посещения субъекта (объекта) контроля проводится ведомством уполномоченного органа и (или) его территориальными подразделениями путем анализа, сопоставления данных и информации:

1) из информационных систем;
2) из фитосанитарного учета и отчетности;
3) поступающих от организаций, входящих в государственную систему защиты растений Республики Казахстан;
4) из открытых источников, средств массовой информации

В случае выявления нарушений по результатам профилактического контроля без посещения в действиях (бездействии) субъекта контроля, оформляется и направляется рекомендация в срок не позднее пяти рабочих дней со дня выявления нарушений.

Рекомендация об устранении нарушений, выявленных по результатам профилактического контроля без посещения субъекта (объекта) контроля, должна быть исполнена в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем ее вручения.

Субъект контроля, в случае несогласия с нарушителями, указанными в рекомендации, вправе направить в ведомство уполномоченного органа и (или) его территориальные подразделения, направившие рекомендацию, возражение в течение пяти рабочих дней со дня, следующего за днем вручения рекомендации.

Неисполнение в установленный срок рекомендаций об устранении нарушений, выявленных по результатам профилактического контроля, влечет назначение профилактического контроля с посещением субъекта (объекта) контроля путем включения в полугодовой список проведения профилактического контроля с посещением субъекта (объекта) контроля.

По всем возникающим вопросам Вы можете обратиться по телефону 2-22-86.

**С. СУЛЕЙМЕНОВ,
государственный инспектор по защите и карантину растений Астраханской РТИ КГИ в АПК МСХ РК.**

# АДРЕС ПОДВИГА - ЦЕЛИНА

**Сейчас в нашем регионе ежегодно с ранней весны до уборочной страды колосятся хлебные нивы, а до аграрной реформы 1954 года здесь были нетронутые бескрайние степные просторы. В минувший четверг в Астраханской районной библиотеке к 70-летию со дня освоения целины, для широкого круга пользователей с участием студентов Агротехнического колледжа проведена литературно-музыкальная композиция «Адрес подвига - целина»!**

**70 ЛЕТ СО ДНЯ ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИНЫ**

Цель данного мероприятия - формирование исторического сознания по средством развития краеведения.

В начале 50-х годов время было трудное. Еще не прошло и десяти лет со дня Победы . Страна прилагала неимоверные усилия, чтобы залечить раны войны, поднять народное хозяйство, поскорее дать людям ощутить радость мирного труда. 1954 год. Родина обратилась с призывом к молодежи, механизаторам, специалистам сельского хозяйства ехать на новые земли и взять в свои руки дело освоения целинных и залежных земель. Крылатое слово «целина» всколыхнуло всю страну, особенно молодежь.




По зову Родины, по велению собственного сердца добровольцы ехали на целину. Эшелон за эшелоном с патриотами потянулись в Казахстан. Их не пугали трудности жизни в палатках, суровый климат, они верили, что в борьбе за хлеб выйдут победителями, возродят к жизни сотни тысяч гектаров новых земель.

Массовый героизм, горячее стремление работать лучше и лучше стали определяющей линией жизни на целине с первых дней ее освоения. Из воспоминаний первоцелинников нам известно, как новоселы обживали целину. Сначала появились палаточные городки, вагончики, затем стала поступать техника, сборные дома.

Романтики на целине, как и трудностей, было хоть отбавляй. Не все было гладко, всякое бывало. На целину приезжали и случайные люди, они тут долго не задерживались. Целину поднимали, обживали настоящие патриоты.

Первая целинная весна была и радостной, и торжественной, и до предела напряженной. Было создано 6 новых совхозов, во второй год-один, в последующие годы два совхоза перешли в другой район. Распахано было 148 тысяч гектаров целинных и залежных земель. Если до освоения целины колхозы района сдавали государству до 40,6 тысяч тонн хлеба, уже в первый год целины в закрома родины было засыпано 92,3 тысячи тонн. По итогам года за успешное выполнение плана подъема целинных и залежных земель, получение хорошего урожая и досрочное выпол-



нение плана хлебозаготовок наш район, был утвержден участником ВСХВ (Всесоюзной Сельско Хозяйственной Выставке 1955 года.

Подъем целины продолжался. В 1956 году посевная площадь уже составляла 327 тысяч гектаров, в том числе под зерновыми-284 тысячи, государству было сдано 13,5 миллионов пудов хлеба.

За короткий срок в привольной степи выросли новые благоустроенные поселки, крупный зерновые хозяйства. Целина преобразила район, стал краше наш райцентр - Астраханка.

Целинная эпопея вошла яркой страницей в историю Казахстана. Пройдут многие десятилетия, вырастут новые люди и они будут с гордостью вспоминать покорителей целины, учиться на их примере как надо служить своей стране, своему народу.

**Татьяна ХАБИБУЛИНА,**
**библиограф**
**Астраханской ЦБС.**



# ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУ – МІНДЕТІМІЗ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

